

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві 2022 және 2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының ІІМ-нің, ҚР БП-ның, ҚР ҰҚК-нің арнайы мемлекеттік архивтерінен ХХ ғасырдағы 20-50-ші жылдардағы саяси қуғын-сүргін құжаттары мен материалдарын қабылдады.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңының 16 бабына сәйкес ақталған азаматтардың туыстары процессуалды емес сипаттағы құжаттармен танысуға және архивтік анықтамаларды (архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер), қолжазбаларды, фотосуреттерді және басқа да жеке құжаттарды алуға құқылы.

Архивтік анықтаманы (архивтік үзінділерді, архивтік көшірмелерді) алу үшін:

1. Сұранысты толтыру. Өтініштің (сұраныстың) үлгісін біздің сайттан көшіріп алуға немесе Архивтен алуға болады. Өтініш беруші сұраныста өзінің тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), пошталық мекенжайы мен электрондық адресін, байланыс телефонын көрсету міндетті түрде қажет.

2. Сұраныстың мазмұнында ақталған тұлға туралы неғұрлым көбірек ақпарат (тегі мен атының жазылуының ықтимал түрлерін, болжамды варианттарды көрсете отыра, туған күнін, тұтқындалу мен кінәлі деп танылған уақыттың хронологиялық мерзімдерін, қуғындалған, көшірілген және қоныс аударылған аймақты және т.б.) көрсету қажет.

3. Сұранысқа жеке куәлікті және ақталған тұлғаға қатысты туыстығын дәлелдейтін құжаттарды (туу туралы, неке туралы куәліктерді және т.б.) қоса беру қажет. Сұранысты сенімгерлік берілген тұлғалар жолдаған жағдайда сұранысқа нотариуспен бекітілген сенімхатты қоса беру қажет.

4. Сұранысты қараудан бас тартуға: Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік құпиялар қатарына жататын құжаттарға қойылған шектеулер; Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес жеке деректері бар құжаттарға қойылған шектеулер; туыстығын дәлелдейтін құжаттардың болмауы; ақталған тұлғаның тегінің немесе атының көрсетілмеуі негіздеме болады.

Қоса берілген құжаттары бар сұранысты Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне жолдауға болады:

1. Пошталық мекенжай: 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 87Б;
2. Электрондық адрес: office@archive.president.kz arcobotd@mail.ru;
3. Е-Отinish ақпараттық портал арқылы.